

650601400761

**МУСАЕВА Меринса Юлдашовна,
№62 М.Анартаев атындағы жалпы білім беретін
мектебінің тарих пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы**

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Құқықтық тәрбие дегеніміз не? Қоғам тәртіпке негізделіп, қалыптасып, өмір сүреді. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, адамдардың мінез-құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен, яғни күшімен онатылады. Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде құқықтық тәртіп орнығатыны, ал құқықтық нормалар негізінен заңнан нәр алып белгілі құқықтар мен міндеттер жүктейтіні белгілі. Еліміздің заңдарын сақтау, оған мойынсұну - жауапкершілікті, түсіністікті, заңдарды білуді және соған сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекеттерді үйлестіруді талап етеді. Қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу.

Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, заңды жауапкершілікті сезінуге өз үлесін қосатын, атсалысатын субъектілердің бірі - оқу орындары болып табылады. Оқу орнында жасөспірімнің азаматтық, патриоттық, адамгершілік, салауаттық, құқықтық, мәдени, шығармашылық т.б. қасиеттерін дамыту және қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Бұл ұжым мүшелеріне үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді. Құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайларды барынша болдырмау және алдын алу, оның зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде - өскелең ұрпаққа тәрбие беру, оның мақсат-міндеттерін дұрыс түсінудің маңызы ерекше. Құқықтық тәрбие мақсаты - оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет - қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу.

Құқықтық тәрбиенің негізгі мәніне келетін болсақ, ол - жас мемлекетіміздегі маңызды қатынастарды реттей отырып қоғамға пайдалы, қажетті қатынастардың дамуына жағдай туғызып қорғап, ал қоғамға зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын құрал. Нарық экономикасына байланысты тәрбиенің бұл саласы тереңірек зерттеуді қажет етеді. Жалпы ұстаздардың алдына қойылған мақсаттар: - жасөспірімдерді Республика заңдары мен құқықтық тәртіпті шексіз сыйлау рухында тәрбиелеу, мемлекет пен қоғам ісіне саналы түрде ат салысу, Отанды қорғауға, Әнұранын, рәміздерін, Президентті сыйлауға дайындау, еліміздің материалдық, рухани байлығын сақтап, оны молайтуға күш-жігерін жұмсайтын азаматтарды тәрбиелеу.

Құқықтық тәрбие мәселелері ұшан - теңіз. Ол қай қоғамда болмасын баршылық. Бүгінгі таңдағы ұстаздардың, ата-аналардың алдында тұрған міндеттерінің бірі - оқу-тәрбие жұмысының барлық құрамды салаларында құқықтық тәрбие беруге қызмет ету, оқушылардың құқықтық санасын қалыптастырудың жауапкершілік сезімін көтерудің, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайтудың тиімді жолдары мен тәсілдерін қолдана білу.

Бала – біздің болашағымыз, балаға жақсы тәрбие беру, дамуына мүмкіндік беру, оларға қуаныш сыйлау және толық құқылы еркін тұлға етіп жетілдіру біздің міндетіміз. Ұрпақ тәрбиесіндегі басты мақсат – жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Негізгі тұлғаның өз өміріндегі орнын, атқаратын

міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниесінің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі тану арқылы дара тұлға ретінде өзін еріксіз бірқалыпты қалыптастыруға баулу.

Құқықтық тәрбие тура жолмен жүруге үйрететін әділеттілік әдістеріне сүйенеді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар-ұятына жүгінеді. Оқушы өзінің айналасындағы

адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтық тәрбиені бұзуына әкеліп соқтырады.

Құқықтық тәрбие - құқықтық жалпы білім беруде, құқықтық нигилизмді жеңуде, заңға сәйкес тәртіпте тұратын құқықтық мәдениет және құқықтық тәртіпті қалыптастыру процесі.

Жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары. Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуы, оның шығармашылықпен дамуының түп тамыры тәрбиеден бастау алып ол Қазақстанның ертеңі мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, қоғамның құндылық бағдарлары жайлы сөз қозғағанда тәрбие проблемалары ерекше назар аударуды қажет етеді.

Жасөспірімдердің құқықтық тәрбиесі міндеттерін адал атқаруды, құқықтарын дұрыс пайдалануды, заңға деген құрметті, қарым-қатынас ережесін сақтауды, құқық бұзушылармен күреске қатысуды қалыптастырады. Мақсаты - құқықтық мәдениетті, өз мінез-құлқы, айналасындағылардың әрекеттері мен құқық бұзушылықтары үшін азаматтық жауапкершілікті ұғынудың әлеуметтік-құқықтық нұсқамасын қалыптастыру.

Балалардың мінез-құлқының шамадан тыс ауытқуына түрлі жағдайлар себеп болады. Олардың ішіндегі ең бастысы отбасы жағдайы болып есептеледі. Өйткені тұлғаның жеке басының жаман-жақсы қасиеттерінің негізі отбасынан қалыптасады. Сондықтан да балалардың өнеге алып үлгі тұтары - ең алдымен өздерінің ата-аналары.

А.С.Макаренко: «Тәлім-тәрбие, кең түрде алғанда әлеуметтік процесс. Адамдар да, заттар да тәрбиеленеді. Дегенмен, адамдардың үлес салмағы

басым. Солардың ішінде ата-аналар мен педагогтар бірінші орынға шығады» деген екен. Олай болса, құқықтық тәрбиені нәтижелі ұйымдастыру үшін, отбасы жағдайын жан-жақты танып білу қажет.

Құқықтық тәрбие беру жұмысын жоспарлау кезінде балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу керек. Мәселен, төменгі сынып оқушыларына сөз бен іс арасындағы алшақтық тән - бұл олардың жас ерекшелігі. Олар өмірлік жағдайлардың сан алуандығына бағдарлануды енді ғана үйреніп жатыр. Бұл алшақтық көбінесе бала үнемі тыйым салуды сезінетін, бұлтарыссыз, ойланбай мойынсұнған талап бар жерде болады. Ол үлкендердің алдында жазадан қорыққанынан ойланбай-ақ бағынуға мәжбүр, ал әртүрлі жағдайларда ұтылу балаларға өзінің тар құқықтық ой-өрісін еңсеруге көмектеседі, қарым-қатынас және жағдайдан шығу тәжірибесін қалыптастырады. Жоғары сынып оқушылары өзін, ұжымдағы, қоғамдағы, айналасындағы өз орнын терең зерттеуге бейім. Олармен жұмыс барысында осы бейімділіктерін есепке алу керек және шығармашылық жұмысқа (ауызша журналдар, әртүрлі тренингтер және т.б.) зейінін аударту қажет. Адам мінезі, оны тәрбиелеу негіздері 5-6 жасқа дейін қаланады. Тәрбиенің бұл кезеңі отбасында өтеді, сондықтан ұстаздар құқық мәселелері үйде қалай талқыланатынын түсіндіруі қажет. Отбасында балаларға құқықтық тәрбие беру бойынша ата-аналармен ұйымдастыру жұмыстары: сауалнама жүргізу, ата-аналар жиналысын өткізу, оқушылармен және ата-аналармен жеке жұмыс жоспарын құру, ата-аналары моральдық-құқықтық қатынастарды бұзушылар болып табылатын, ал балалары жағымсыз үлгіде тәрбиеленіп жатқан нашар отбасыларды бақылауға алу.

Оқытушы жаңа заңдылықтармен танысып, оны жұмыс барысында басшылыққа алып пайдалануды, оқу-тәрбие үрдісінде ұтымды, тиімді, мақсатты қолдану жолдарын, тәрбиенің әдістерін, түрлі формаларын біліп, жаңа технологияларды кеңінен қолданғаны жөн. Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу - олардың қылмысқа ұрынбауына, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз, жағымсыз жағдайлардан тартынуына, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануларына жәрдемдеседі. Құқықтық тәрбиені ұстаздар қауымы ата-аналармен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, салауаттылық және денсаулық сақтау мекемелерімен, спорттық ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, тәрбиенің өзге түрлерімен байланыстырып жүйелі жүргізер болса, нәтижелі болмақ.

Құқық бұзушылықты алдын алу проблемаларын талдау негізінде студенттер арасында сауалнама және студент жастардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және онымен күрес жүргізу, мемлекеттік заңнамалық актілерінің бағдарламасы бойынша талқылау жұмыстары, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге жастарды тарту, құқықтық мәдениет пен ұсақ құқық бұзушылықтарға төзбеушілік деңгейін арттырудағы құқықтық-түсіндіру және насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп тұруы қажет.

Жастарды діни сауаттылыққа тәрбиелеу, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің ұстанымдары туралы ақпарат беру және діни сенім негіздерін түсіндіру, діни экстремизм және терроризмнің алдын алудың өзекті мәселелері, діни радикализмнің туындауына ықпал жасайтын себептер мен жағдайларды анықтау, студенттер арасында діни экстремистік және этника аралық идеологиялық иммунитетін қалыптастыру мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізу керек.

Жасөспірімдердің проблемаларын шешудегі құқықтық тәрбиенің рөлі. Тәуелсіз мемлекет ретінде елімізде көптеген өзгерістер болуда. Елдің ертеңі - жасөспірімдерге ғасырға лайықты тәрбие беру басты міндет болмақ. Елімізде жастарға құқықтық тәрбие беру барысы өз деңгейінде жүргізілсе, соғұрлым құқықтық білім алған жастарымыз мемлекетіміздің көркеюіне, дамуына үлес қоса алатын болады. Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Заңдарға терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау - ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екені жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Құқықтық тәрбие негізі отбасында жатыр. Оқушылардың тәртіп бұзуының бір жағы отбасында жатыр. Маскүнемдікпен күн өткізетін, ұрыс-керістен көз ашпайтын, басқалардың, мемлекеттің есебінен арам жолға барып қалғысы келетін отбасылар бар. Мұндай отбасында тәрбиеленген бала қылмысқа бір табан жақын тұрады.

Бүгінгі таңдағы білім алуға қиындықтар, жастар ұйымының қызметін үйлестіретін бірегей орталықтың жоқтығы, жасөспірімдердің бос уақытының шамадан тыс молдығы, олардың арасында бақылаусыздық пен қараусыздықтың болуы, тағы басқа осы сияқты жағдайлар кәмілетке толмағандар қылмыстарының өсуіне негіз болып отыр. Әрине, қай қылмыстың алдын-алуға әуелі жалпы тәрбие, оның ішінде құқықтық тәрбие негізгі құрал болып табылады. Құқықтық тәрбие жастар мен жасөспірімдердің бойында құқықтық талаптар құрметтеу сезімін қалыптастырып, азаматтардың санасына құқық пен міндеттің бірлігін сезіндіреді, олардың өздерін дұрыс ұстап, әсіресе кәмілетке жасы толмағандар арасындағы қылмыстық әрекеттерінің алдын алуға мүмкіндік туғызады.

Құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайларды барынша болдырмау және алдын алу, оның зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде - өскелең ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, оның мақсаты - міндеттерін дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше.

Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, заңды жауапкершілікті сезінуге өз үлесін қосатын, атсалысатын субъектілердің бірі - оқу орындары болып табылады. Оқу орында жасөспірімнің азаматтық, патриоттық, адамгершілік, салауаттық, құқықтық, мәдени, шығармашылық, т.б. қасиеттерін дамыту және қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Бұл ұстаздарға үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді.

Құқықтық тәрбие беру арқылы жастарды өз құқықтарын пайдаланып, азаматтық міндеттерін орындай отырып қоғамда өмір сүруге, заңдар мен ережелерді тәжірибеде белсенді қолдана білуге үйретуге болады.

А.С.Макаренконың: «анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпаған жөн.